

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## Әуенді дыбыстар мен сандар сыры

ЖАРИЯЛАНДЫ  
28.09.2023СІЛТЕМЕ  
https://bilimger.kz/143880/

## Муфтулина Эльнора Куспановна

**Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті:** «Сауат ашу негіздері», «Математика негіздері» (Кіріктірілген оқу іс-әрекеті).

**Тақырыбы:** «Әуенді дыбыстар мен сандар сыры».

**Мақсаты:** Дыбыс,буындар туралы білімдерін жетілдіру. Дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырата білуге, дыбыстарда қанша буын бар екенін санай білуге үйрету. Зейінінділікке, шапшаңдыққа, толық жауап беруге үйрету.

**Әдісі:** сұрақ-жауап, әңгімелесу, ойын арқылы.

**Көрнекілігі:** Телевизор, үлестірмелі материалдар, сандар, әріптер, т.с.с.

**Оқу іс-әрекеттің барысы:**

Балаларды көтеріңкі күймен қарсы алу.

Алдарында жүрек, жұдырық, қолмен көрісу, құшақтасу белгілері тұрады.

Бала өзі қалай амандасқысы келеді, солай тәрбиешімен амандасады.

Жарайсындар.

Жағымды эмоциялық көңіл-күй орнату.

**«Шуақты күн»**

Балаларға шуақты күн бейнеленген суретті көрсету.

-Суретте не бейнеленген? Біз шуақты күнді тағы қайдан көре аламыз? (аспаннан, ҚР туынан)

-Шуақты күнді көргенде не істейміз? (Күлімсірейміз)

-Күнге қарап күлімсірейік. Маған қарап күлімсіреңдер. Бір-біріне қарап күлімсіреңдер.

**Тыныс алу - артикуляциялық жаттығу «Ине»**

Ауызды кең ашып, тілді алға қарай жіңішкертіп шығарады, оны 10-15 секунд ұстап тұрады. (3-4 рет қайталау)

Жалғыз саусақ тіпті де,

Ұстай алмас жіпті де.

Екі саусақ бірікті,

Ине қолға ілікті.

Үш саусағым орамды

Жүгіртеді қаламды.

Өнерлі екен он саусақ,

Қала салсақ, жол салсақ,

- Дыбыс дегеніміз не?
- Дыбыстар нешеге бөлінеді?
- Дауысты дыбыстар қалай айтылады?
- Дауыссыз дыбыстарды қалай айтамыз?

### **Тынымсыз Тіл туралы ертегі.**

#### **Ертегі бойынша сұрақтар:**

— Ертегі сендерге ұнады ма?

— Тынымсыз Тіл неліктен кейбір дыбыстарды ұнатып, ал кейбір дыбыстарды ұнатпайды екен?

— Даусы бар әнші дыбыстарды айтып көріңдерші.

— Даусы жоқ, ән айтпайтын қандай дыбыстар бар?

#### **«Қандай дыбыс?» дидактикалық ойыны.**

**Мақсаты:** дауысты, дауыссыз дыбыстарды есту арқылы ажырата білуге үйрету.

**Ойын шарты:** Дыбыстарды бір-бірден айтамын, егер даусы бар, әнші дыбысты естісеңдер, қызыл текшені көтеріп көрсетіңдер, даусы жоқ, ән айтпайтын дыбысты естісеңдер, көк текшені көтересіңдер.

#### **Логикалық ойын: «Буынға бөл»**

**Шарты:** Алдарында қандай сурет көріп тұрғандарын айтады, қол шапалақтау арқылы буынға бөледі.

Мыс: Ал-ма, екі буын, яғни екі рет қол шапалақтайды.

Үш, төрт баламен жеке жұмыс жасаймын.

Сергіту сәті:

Жел соғады уілдеп, у-у-у.

Пойыз кетті гуілдеп, гу-гу-гу.

Бала көлік ойнайды, ву-ву-ву.

Қасқыр ұлып қоймайды, а-у-у.

### **Логикалық ойын: «Қанша дыбыс естіледі?»**

**Шарты :** Балалардың алдында 1-10 ға дейін сандар жазылған. Тәрбиеші қанша дабыл қақса, балалар сол санды көрсете білу қажет.

Қолды жазуға дайындау: Жаттығу «Жұдырық».

*Орындау әдісі:*

Тук-ток, тук-ток жұдырық балға сияқты соғады,

Тук-ток, тук-ток екі қолмен ұрамыз,

Тук-ток, тук-ток тақамен де соғамыз,

Тук-ток, тук-ток тақалармен тарсылдатып,

Тук-ток, тук-ток екі қолмен, екі аяқты қосамыз.

Үлгі бойынша штрихтау.

Жарайсыңдар.

Бүгінгі оқу іс-әрекет сендерге ұнады ма?

Кімге не ұнады?

Балалар өз ойларын айтады.

### **Рефлексия: «Смайликтер»**

Рақмет, бүгін оқу іс-әрекетке керемет қатыстыңдар. Мен сіздерге ризамын.